«8D03101 – Әлеуметтану» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
ТЛЕНЧИЕВА ШЫРЫН МУРАТКЫЗЫНЫҢ
«Қазақстандағы бақыт деңгейінің әлеуметтанулық өлшемі (қалалық және ауылдық елді мекендер мысалында)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми
РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№ р/н	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқалары)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Тленчиева Шырын Мураткызының «Қазақстандағы бақыт деңгейінің әлеуметтанулық өлшемі (қалалық және ауылдық елді мекендер мысалында)» атты диссертациялық жұмысы Қазақстандағы ғылымды дамытудың стратегиялық бағыттарына толық сәйкес келеді. Бүгінгі күні бақыт деңгейін өлшеу, әлеуметтік дамудың қозғаушы күштерін, халықтың құндылықтарын мен оның динамикасын ғылыми тұрғыдан түсіну үшін аса маңызды болып табылады. Бұл тақырыптың зерттеу нәтижелері, «Қазақстан-2050» стратегиясының, Ұлттық даму жоспарларының, сондай-ақ тұрғындардың өмір сапасын арттыру мен әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттарына сәйкес келеді. Соның ішінде, қала мен ауылдағы тұрғындардың бақыт деңгейін зерттеу, қоғамдағы әлеуметтік байланыстар мен интеграцияны күшейтуге ықпал етеді. Сондықтан диссертациялық жұмыс Ғылымды дамытудың ұлттық және аймақтық деңгейдегі өзекті бағыттарына сәйкес келеді және Қазақстандағы урбанизация мен әлеуметтік теңсіздік үдерістерінің әлеуметтанулық талдауына жаңа үлес қосады.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған	Диссертация 2024–2026 жылдарға арналған «Жас ғалым» байқауы бойынша №AP22686408 «Қазақстан халқының бақытына әсер ететін факторлардың аймақтық тұрғыдан салыстырмалы талдауы» атты жобасы шеңберінде орындалған. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың басым бағыты болып табылатын «Елдің зияткерлік әлеуетін, адами капиталын және халықтың әлеуметтік игілігін дамыту (әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер)» бағытына сәйкес келеді және ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары

		(бағдарламаның атауы); 3)Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған / ашылмаған.	Тленчиева Шырын Мураткызының «Қазақстандағы бақыт деңгейінің әлеуметтанулық өлшемі (қалалық және ауылдық елді мекендер мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, зерттеу барысында Қазақстандағы бақыт ұғымының әлеуметтік өлшемі толықтай ашылған. Жұмыстың маңыздылығы ізденушінің бақыт ұғымын философиялық түсінігін талдаудан бастап, әлеуметтанулық өлшем ретінде нақты индикаторлар арқылы толыққанды талдауымен сипатталады. Сондай-ақ, зерттеушінің әлеуметтік әл-ауқатты зерттеу саласындағы отандық әлеуметтанудың дамуына қосқан үлесі анықталды, ол халықаралық базалардағы статистикалық деректерді екінші реттік талдауы және жеке сандық зерттеулерді жүргізуі арқылы көрінді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Аталмыш зерттеу Қазақстандағы қалалық және ауылдық ортадағы бақыт деңгейін әлеуметтанулық тұрғыдан зерделеудегі автордың шығармашылық ізденісі мен дербес ғылыми ұстанымының нәтижесі болып табылады. Рецензиялауға ұсынылған диссертациялық жұмыста автордың өзіндік жазу стилі орташа деңгейде көрініс тапқан. Зерттеу дербес орындалып, ғылыми тіл қолданылып, теориялық тұжырымдар мен әдіснамалық тәсілдер сәйкесінше дұрыс берілсе де, жұмыстың кей бөлімдерінде граматикалық және синтаксистік қателер кезігеді. Бірақ, дереккөздердің дұрыс бағдарлануы зерттеушінің жеке ғылыми ойлау жүйесін және академиялық мәдениетін айқындайды. Диссертацияда автор теориялық-әдіснамалық базаны талдаудан бастап, эмпирикалық зерттеу дизайнын құрастыру, деректер жинау, оларды өңдеп, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан негіздеуге дейінгі барлық ғылыми кезеңдерді өз бетінше орындағаны байқалады. Жұмыстағы

			тұжырымдар мен қорытындылар автордың жеке ғылыми талдауына негізделген және бақыт феноменінің әлеуметтік табиғатын, өмір сапасы, әлеуметтік капитал, кеңістікке байланысты айырмашылықтар мен құрылымдық факторлардың ықпалын сын тұрғысынан қарастыру қабілетін көрсетеді. Диссертацияның құрылымында, зерттеушінің өзіндік ғылыми қолтаңбасы анық сезіледі. Бірақ зерттеу тақырыбының философиялық, психологиялық, мәдени категориясыз анықталмайтыны белгілі болса да диссертациялық тақырыпта көрсетілген жоспар тым көлемді. Біздің ойымызша жоспардың кей сұрақтарын біріктіріп мүмкіндігінше қысқартуға болушы еді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Тақырып заманауи қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық процестермен, теңсіздік мәселелерімен тікелей байланысты. Бақыт деңгейін әлеуметтанулық өлшеу- урбанизация, теңсіздік, әлеуметтік интеграция саласында жаңа ғылыми нәтижелер береді. Зерттеу өзектілігі бірнеше деңгейде айқындалады. Біріншіден, Қазақстандағы бақытты әлеуметтанулық қабылдау әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі индикаторы болып табылады. Бірақ ЖІӨ, табыс және жұмыспен қамту сияқты экономикалық көрсеткіштер әлеуметтік өмірдің барлық аспектілерін қамтымайды, ал бақыт деңгейі адамдардың өз өміріне қанағаттану дәрежесін толық көрсетеді. Екіншіден, автордың сауалнама нәтижесінде алған эмпирикалық деректері - қала мен ауыл тұрғындарының бақыт деңгейін салыстыру арқылы аймақтық ерекшеліктердің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай салыстыру миграциялық үрдістердің сипатын, урбанизацияның адамдардың өмір сапасына әсерін, сондай-ақ өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму айырмашылықтарын талдауға жағдай жасайды. Үшіншіден, диссертацияда алынған тұжырымдар тек теориялық қана емес, сонымен бірге практикалық маңызға ие: оларды әлеуметтік саясатты жақсартуға, әлеуметтік мәселелерді уақтылы анықтауға және халықтың өмір сапасын арттыруға арналған бағдарламаларды жүзеге асыруда қолдануға болады. Осылайша, зерттеу тақырыбының өзектілігі жан-жақты дәлелденген және

			Қазақстандағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы жаңа бағыттардың дамуына жауап береді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмысының мазмұны зерттеу тақырыбын толықтай айқындайды. Әрбір тарау (көлемді болса да) диссертация атауында көрсетілген бағытпен логикалық байланыста құрылып, бақыт ұғымының әлеуметтанулық қырларын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Теориялық бөлімде бақытты түсіндіретін негізгі концепциялар мен модельдер талданған, ал эмпирикалық бөлімде дүниежүзілік құндылықтар зерттеу жобаларының (World Values Survey, Gallup World Poll) деректері және Бақыт жөніндегі дүниежүзілік деректер базасы (World Database of Happiness), сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің (Ұлттық статистика бюросы) ұлттық дереккөздері қамтылған. Ізденуші дербес зерттеу жүргізіп тақырыптық сауалнамалардың тұжырымдамалық негізін әзірлеп, оларды зерттеу міндеттерімен сәйкестендірген және сұрақтар құрылымын, блоктардың ретін, сондай-ақ субъективті әл-ауқат, әлеуметтік капитал, діни тәжірибе мен құндылықтық бағдарлар индикаторларына арналған өлшеу шкалаларын жасаған. Бұл өз кезегінде тақырыптың ғылыми және қолданбалы маңызын толық айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Ш.М.Тленчиеваның диссертациялық зерттеуінің мақсаты мен міндеттері жұмыстың тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Диссертацияда қойылған мақсат: Қазақстан халқының субъективті әл-ауқатына әсер ететін негізгі факторларды анықтап, оларды халықаралық және ұлттық деректер арқылы салыстырмалы талдау негізінде түсіндіріп, бақыт пен өмірге қанағаттанудың қала, ауыл және өңірлік ерекшеліктерін айқындау зерттеу құрылымында дәйекті түрде жүзеге асырылған. Диссертациялық жұмыста міндеттердің мазмұны тақырыпқа бағытталған. Яғни зерттеуші Қазақстандағы субъективті әл-ауқаттың ерекшеліктерін және оның посткеңестік елдер арасындағы орнын айқындап, әлеуметтік капиталдың (*сенім, қолдау, байланыстар*) рөлін бағалаған. Осылайша субъективті әл-ауқаттың өзге детерминанттармен байланысын корреляциялық талдау арқылы анықтап, факторлық талдау негізінде

			субъективті әл-ауқат құрылымын және қала мен ауыл арасындағы негізгі айырмашылықтарды белгілеген және т.б. Бұл міндеттердің орындалуы, диссертациялық жұмысты жан-жақты етіп, зерттеу мақсатын толыққанды ашуға септігін тигізді. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық үйлесімді және автордың ғылыми ізденісінің жүйелілігінің көрінісі деуге болады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Жұмысының барлық бөлімдері мен құрылымы өзара толық логикалық байланысқан. Ізденуші диссертациялық жұмыстың теоретикалық бөлімінде бақыт ұғымына философиялық түсіндіруден бастау алып, классикалық әлеуметтанушылардың талдауын замануи ғылыми дискурске дейін қарастырған. Эмпирикалық бөлімде Ш.М.Тленчиева халықаралық репрезентативті зерттеулердегі бақытты зерттеу әдістерінің негізделуін көрсетіп, Қазақстандағы бақыт деңгейінің динамикасына талдау жүргізген. Валидті деректерге екінші реттік талдау жүргізе отырып, оларды жеке жүргізген сандық зерттеу нәтижелерімен үйлесімді байланыстырады. Әрбір тарау алдыңғы бөлімде берілген теориялық негіздемелерді жалғастырып, кейінгі эмпирикалық зерттеулермен дәйектеліп отырады. Диссертация кіріспеден қорытындыға дейін ғылыми тұтастыққа ие болып, зерттеу сұрақтары, мақсат-міндеттері, әдіснамалық негіздері мен алынған нәтижелер бір-бірімен сабақтасып, жұмыстың логикалық құрылымын сақтайды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Қазақстандағы бақыт деңгейінің әлеуметтанулық өлшеміне арналған зерттеуде бұл феноменді талдаудың жаңа қырлары ұсынылып, олар ғылымдағы бұрыннан белгілі теориялық тұжырымдармен салыстырыла отырып қарастырылған. Жұмыста қалалық және ауылдық елді мекендер тұрғындарының өмір сапасы, субъективті қызығушылықтары мен әлеуметтік интеграция деңгейін бағалау үшін жаңа сауалнама қолданылып, нақты эмпирикалық деректер негізінде олардың бақытқа қатысты тәжірибелері сындарлы тұрғыдан талданады. Сыни талдау барысында халықаралық деңгейде кеңінен қолданылатын бақыт пен өмір сапасын өлшеудің теориялық үлгілерінің шектеулері анықталып, оларды Қазақстанның аймақтық, мәдени және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне бейімдеудің маңыздылығы дәлелденеді. Эмпирикалық

			материалға сүйене отырып, автор қала мен ауыл тұрғындарының әлеуметтік капиталға қолжетімділігі; тұлғаның ішкі ұстанымдары және тұлға аралық қарым-қатынастар; отбасылық қарым-қатынас деңгейі, экономикалық тұрақтылық сезімі және қоғамға тиесілілік сияқты факторлардың бақыт деңгейіне әсер ету ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Бұл нәтижелер әлемдік зерттеулерде айқындалған ұқсас үлгілермен салыстырылып, Қазақстан контекстіндегі айырмашылықтар мен өзіне тән сипаттар айқындалады. Осылайша, диссертацияда ұсынылған тұжырымдар тек теориялық жаңашылдық қана емес, сонымен қатар бұрыннан белгілі тәсілдерге сыни тұрғыда талдау жасай отырып, олардың Қазақстан жағдайында, әсіресе қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік айырмашылықтарды ескере отырып, тиімді қолданылу мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік береді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторанттың диссертациялық жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жартылай жаңа (60-65% жаңа) деп бағаланады. Зерттеудің теориялық бөлігінде бақыт деңгейін өлшеуге қатысты халықаралық үлгілер мен тұжырымдамалар Қазақстан жағдайына бейімделіп қолданылған. Осы тұрғыдан алғанда, жұмыста бұрыннан белгілі ғылыми тұжырымдар сындарлы тұрғыдан талданғанымен, олардың жаңа интерпретациясы, сондай-ақ ұлттық-мәдени және аймақтық контексте қайта қарастырылуы зерттеуге айтарлықтай жаңашылдық береді. Эмпирикалық деңгейде зерттеу Қазақстандағы қала және ауыл тұрғындарының бақыт деңгейін анықтайтын факторларды алғаш рет кешенді түрде салыстырып, өмір сапасы, әлеуметтік капитал, экономикалық тұрақтылық сезімі, отбасылық және қауымдық байланыстар, қоғамдық белсенділік сияқты индикаторлар бойынша жаңа деректер ұсынады. Бұл мәліметтер қалалық және ауылдық ортадағы әлеуметтік теңсіздік, ресурстарға қолжетімділік және субъективті әл-ауқат айырмашылықтарын тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік стратификация, аймақтық даму және өмір сапасы жөніндегі отандық әлеуметтанулық зерттеулерге маңызды үлес қосады. Сонымен бірге, бақыт деңгейін өлшеудегі негізгі теориялық үлгілер халықаралық әдебиеттен алынғандықтан, диссертациядағы жаңашылдық

			жаңа теориялық мектеп қалыптастырудан гөрі, қолданыстағы әдіснамалық тәсілдерді Қазақстанның қалалық және ауылдық контекстіне бейімдеу, оларды нақты әлеуметтік жағдайлармен байланыстыра отырып қайта интерпретациялау арқылы көрініс тапқан.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациясының қорытындылары толықтай жаңа деп бағаланады. Жаңа ғылыми нәтижелер, ең алдымен, эмпирикалық деңгейде айқын көрінеді: Қазақстандағы қалалық және ауылдық елді мекендер тұрғындарының бақыт деңгейін айқындайтын әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлар алғаш рет кешенді түрде салыстырмалы талдаудан өткен. Зерттеу барысында өмір сапасы, әлеуметтік капитал, қауымдық байланыстардың деңгейі, экономикалық тұрақтылық сезімі, психологилық жайлылық және әлеуметтік қолдау жүйелері сияқты көрсеткіштердің қала мен ауыл контексіндегі ерекшеліктері жүйелі түрде ашып көрсетілген. Бұл қорытындылар Қазақстандағы урбанистік және ауылдық кеңістіктердегі субъективті әл-ауқат феноменін тереңірек түсіндіруге тың эмпирикалық негіз береді. Сонымен қатар, жұмыстың нәтижелері халықаралық теориялық үлгілерді қазақстандық әлеуметтік ортаға бейімдеу арқылы қалыптасқан. Автор бақыт деңгейін өлшеудің әлемдік теориялық тәсілдерін ұлттық контексте қайта түсіндіріп, олардың қолдану шектеулерін сын тұрғысынан бағалай отырып, отандық ерекшеліктерді ескеретін жаңа интерпретациялық үлгі ұсынады. Осылайша, бұрыннан белгілі теориялық тұжырымдар жаңа ортада нақтылау арқылы ғылыми дискурсқа бағалы үлес қосады. Автор ұсынған ғылыми–тәжірибелік негіз жаңа әрі дәлелді. Қазіргі кезеңдегі әлеуметтік жаңғыру, өңірлік даму және халықтың әл-ауқатын арттыру бағытындағы саясаттар нақты социологиялық деректерді талап етеді, ал ізденушінің жұмысы осы қажеттілікті жан-жақты қамтып, қалалық және ауылдық қоғамдағы бақыт деңгейін бағалау үшін қолданбалы ұсыныстардың негізін қалайды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген	Тленчиева Ш.М.-ның диссертациялық жұмысында қабылданған әдістемелік және басқарушылық шешімдер толығымен жаңа. Автор Қазақстандағы бақыт деңгейінің әлеуметтанулық өлшемін, соның ішінде қалалық және ауылдық

		бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	елді мекендер мысалында кешенді зерттеу барысында отандық ғылымда бұрын қолданылмаған бірқатар жаңа тәсілдерді ұсынған. Біріншіден, бақыт деңгейін айқындайтын факторлардың авторлық типологиясы жасалған. Бұл типология қала және ауыл тұрғындарының субъективті әл-ауқатына әсер ететін әлеуметтік, экономикалық, мәдени және психологиялық көрсеткіштерді жүйелеп, бақыт құбылысын жаңа қырынан түсіндіреді. Екіншіден, зерттеуге «әлеуметтік әл-ауқаттың жеке адамның ғана емес, оның отбасы, қауым және жергілікті орта деңгейіндегі өзара байланыстар арқылы қалыптасатын бақыт өлшемдері ғылыми айналымға қосылған. Бұл ұғым қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты талдауда ерекше аналитикалық мәнге ие. Үшіншіден, диссертацияда бақыт деңгейінің әлеуметтік капиталмен, қауымдық қолдау желілерімен және тұрғындардың қоғамға тиесілілік сезімімен өзара байланысы алғаш рет нақты эмпирикалық деректермен дәлелденген. Соның негізінде урбанистік және ауылдық ортада бақытты қалыптастыратын факторларды бағалаудың жаңа аналитикалық үлгісі ұсынылған. Төртіншіден, қала және ауыл тұрғындарының күнделікті өмір тәжірибелеріне сүйене отырып, ұлттық және өңірлік деңгейдегі әлеуметтік саясатты жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстар әзірленген. Бұл ұсыныстар өмір сапасын арттыру, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және психологиялық әл-ауқатты қолдау шараларын күшейтуге бағытталған. Диссертацияда ұсынылған техникалық, әдістемелік және басқарушылық шешімдер бұрыннан белгілі үлгілерді қайталамай, қайта оларды толықтырып, Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жағдайына бейімдейді. Осы себепті зерттеуде қабылданған шешімдер толығымен жаңа және ғылыми тұрғыдан негізделген деп бағаланады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану	Зерттеудің барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан толықтай негізделген. Дүниежүзілік құндылықтар және бақыт жөніндегі зерттеулерінің деректерін корреляциялық, факторлық және регрессиялық талдау, мәліметтердің толықтай сенімді етуге негіз береді. Оған қоса, эмпирикалық бөлімде сауалнама әдісі кешені қолданылып, алынған мәліметтер жүйелі түрде

		және гуманитарлық бағыттары бойынша)	талданған. Әсіресе, Қазақстандағы қалалық және ауылдық елді мекендер тұрғындарының бақыт деңгейіне қатысты әлеуметтік тәжірибелері мен олардың өмір сүру ортасына бейімделу стратегиялары нақты эмпирикалық материалдар негізінде дәйектелген. Қорытындылар зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес құрылып, қолданылған теориялық-әдіснамалық негіздермен үйлесімді байланыс тапқан. Бұл нәтижелер бақыт деңгейінің әлеуметтік табиғатын, оның әлеуметтік капиталмен, қауымдық қолдау желілерімен, экономикалық тұрақтылық сезімімен және психологиялық әл-ауқатпен өзара байланысын терең сипаттайды. Сонымен қатар, қала мен ауыл тұрғындарының субъективті бақыт көрсеткішіне әсер ететін факторлардың айырмашылықтары анықталып, Қазақстандағы әлеуметтік ғылымдар үшін жаңа ғылыми деректер ұсынылады. Диссертацияның қорытындылары тек автордың жеке пайымдауларына емес, жан-жақты жинақталған эмпирикалық деректерге, жүйелі ғылыми талдауға және дәйекті аргументацияға негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе?	7.1 Ізденуші тарапынан қорғауға ұсынылған тұжырымдар негізделіп, дәйектелген, ғылыми тұрғыдан дәлелденген. 7.2 Қорғауға ұсынылған әр қағидатқа жаңашылдық тән. Сондықтан қорғауға ұсынылатын қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Диссертацияның ғылыми нәтижелері жаңа. 7.4 Зерттеу жұмысының қолдану деңгейі кең. 7.5 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми мақалаларда жарық көрген. Соның ішінде Web of Science және Scopus деректер базасындағы журналдардағы 2 жарияланым; ҚР ҒЖБМ ҒКК ұсынған журналдардағы 4 мақалалар; 2 ғылыми монографияларда жарық көрген мақалалар және 2 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған басылымдар бар.

		1) ия; 2) жоқ	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның әдістемелік іргетасы ғылыми талаптарға толық жауап беріп, зерттеу міндеттерімен тиімді сәйкестендірілген. Автор қолданған теориялық-ұғымдық аппаратты нақтылап, негізгі түсініктерді жүйелі түрде өлшемдендіріп, жұмыстың ғылыми негізділігін арттыра түскен. Әдіснамалық тұрғыда зерттеу әртүрлі тәсілдердің үйлесімді комбинациясын қамтиды: сауалнама нәтижелері, зерттеудің эмпирикалық негізін халықаралық және ұлттық репрезентативтік деректер массивтері құрап, олар корреляциялық, факторлық, регрессиялық және кластерлік талдау әдістері арқылы өңделді. Мұндай көпқырлы амалдар кешені алынған нәтижелердің сенімділігі мен объективтілігін күшейтеді. Эмпирикалық ақпаратты жинау мен оны өңдеу кезеңдері рет-ретімен көрсетіліп, зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне дәл сәйкес құрастырылған. Таңдалған әдістер халықаралық ғылыми тәжірибелерге негізделгенімен, олар қазақстандық әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделіп, ұлттық контекст ерекшеліктерін ескеретіндей етіп жаңғыртылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда қолданылған әдістемелер қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер талаптарына сәйкес келеді және компьютерлік технологиялармен ұштасқан. Автор деректерді жинау, өңдеу және талдау барысында статистикалық талдау бағдарламаларын, библиографиялық мәліметтерді жүйелеу құралдарын, визуализация әдістерін және мәтіндік-контенттік талдау тәсілдерін пайдаланған. Социологиялық сауалнама нәтижелері электронды форматта өңделіп, деректерді жүйелеу үшін заманауи статистикалық пакеттер қолданылған. Сонымен қатар, библиографиялық талдауда ғылыми дерекқорлар мен бағдарламалық қамтамасыз ету (мысалы, VOSviewer, библиометриялық құралдар) пайдаланылып, тақырыптық кластерлер мен зерттеу бағыттарының эволюциясы картаға түсірілген. Мұндай тәсілдер алынған деректердің дәлдігін арттырып қана қоймай, олардың интерпретациясын да айқындап, зерттеу нәтижелерін визуалды және аналитикалық тұрғыдан толық негіздеуге мүмкіндік берген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара	Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар мен модельдер автор жинаған эмпирикалық деректермен нақты дәйектелген. Қазақстандағы

		байланыстар және заңдылықтар - эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	қалалық және ауылдық елді мекендерде жүргізілген сауалнамалар, сондай-ақ салыстырмалы талдау нәтижелері зерттеудің теориялық қағидаларын нақты фактілермен негіздеуге мүмкіндік берген. Алынған мәліметтер бақыт деңгейін айқындайтын әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлардың ерекшеліктерін, қала мен ауыл тұрғындарының әлеуметтік капиталға, өмір сапасына және субъективті әл-ауқатқа қатысты ұстанымдарының айырмашылықтарын жан-жақты сипаттайды. Эмпирикалық деректер бақыт көрсеткіштерінің қалыптасу тетіктерін ашып, әзірленген теориялық үлгілердің қолданбалы мәні мен ғылыми өміршеңдігін дәлелдейді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған / расталмаған	Нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертацияда жасалған негізгі тұжырымдар халықаралық және отандық ғылыми әдебиеттерге кең көлемде сүйеніп дәлелденген. Автор бақыт деңгейінің әлеуметтанулық өлшеміне қатысты классикалық теорияларды және заманауи зерттеулерді жүйелі қолданған. Әрбір теориялық қағидатқа сілтеме жасалып, олар Қазақстандық контексте жүргізілген эмпирикалық зерттеулермен ұштастырылған. Әдебиеттер тізімі көлемді, құрылымы халықаралық ғылыми стандарттарға сәйкес жасалған. Жаңа мәліметтер библиографиялық талдау және халықаралық дерекқорлар негізінде алынған. Осының нәтижесінде диссертациядағы маңызды ғылыми мәлімдемелер сенімді дереккөздермен толық расталған деп қорытынды жасауға болады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі көлемі мен мазмұны жағынан әдеби шолуға толық жеткілікті. Автор халықаралық ғылыми қауымдастықта мойындалған еңбектерге, сонымен қатар Қазақстан мен Орталық Азия зерттеушілерінің еңбектеріне сүйенген. Әдебиеттер тізімінде соңғы жылдардағы жаңа зерттеулер қамтылған, бұл тақырыптың өзектілігін ашуға мүмкіндік береді. Библиографиялық база теориялық ұғымдарды нақтылауға, әдіснамалық негізді құруға және зерттеу нәтижелерін салыстыруға жеткілікті дәрежеде қолданылады. Дереккөздер саны да, сапасы да диссертацияның ғылыми деңгейін қамтамасыз етіп тұр.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия;	Бұл диссертацияда бақыт тақырыбын теориялық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде адам өмірінің субъективті әл-ауқаты мен әлеуметтік ортаның өзара байланысын түсіну мүмкіндігіне қол жеткізілді. Зерттеу барысында

		2) жоқ	бақыт деңгейін анықтайтын әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлар талданып, олардың жеке тәжірибелер мен әлеуметтік құрылымдарға әсері жүйелі түрде сипатталды. Сондай-ақ, әлеуметтік капитал, өмір сапасы, психологиялық әл-ауқат және қоғамдағы сенім ұғымдарының өзара байланысы нақты түрде көрсетіліп, жаңа аналитикалық және концептуалды модельдер қалыптастырылды. Осылайша, диссертация әлеуметтік феномен ретінде бақытты, оның қалыптасу механизмдері мен қоғамдық интеграциядағы рөлін теориялық тұрғыдан түсінуге мүмкіндік берді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының нәтижелері Қазақстан қоғамының әлеуметтік, психологиялық және экономикалық әл-ауқатын кешенді түсінуге мүмкіндік береді. Бұл деректер әлеуметтік саясатты тиімді құруға, өмір сапасын арттыруға және аймақтық ерекшеліктерді ескеруге көмектеседі. Сонымен қатар, бақыт деңгейі әл-ауқат, әлеуметтік сенім және өнімділік сияқты факторлармен байланысты болғандықтан, оны зерттеу жеке адамдардың және қоғамның даму стратегияларын жоспарлауда маңызды болып табылады. Диссертация нәтижелері жоғары оқу орындарындағы «бақыт», және «субъективті әл-ауқат әлеуметтануы», «әлеуметтік саясат» сияқты пәндерінің оқу бағдарламасына енгізуге, студенттер мен магистранттарға практикалық кейс ретінде ұсынуға толық негіз болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жұмыстағы практикалық ұсыныстар Қазақстандағы қалалық және ауылдық елді мекендердегі бақыт деңгейін арттыру, тұрғындардың әлеуметтік интеграциясын күшейту және өмір сапасын жақсарту мәселелерін қамтиды. Ұсыныстардың бір бөлігі халықаралық тәжірибеге сүйене отырып әзірленгенімен, оларды Қазақстанның әлеуметтік-мәдени және аймақтық ерекшеліктеріне бейімдеу автордың ғылыми жаңалығы болып табылады. Қала мен ауыл тұрғындарының өмір тәжірибесін салыстыра отырып, әлеуметтік қолдау желілерінің рөлін көрсету, қоғамға қатысу деңгейін көтеру сияқты аспектілерге бағытталған практикалық ұсыныстар жаңа қырынан берілген. Сонымен қатар, кейбір ұсыныстар бұрынғы зерттеулерде қарастырылған тәсілдерді негізге алумен қатар, оларды ұлттық контексте нақтылау арқылы тиімділігін арттыруға бағытталған.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс академиялық жазу талаптарына толық сәйкес келеді. Мәтіннің құрылымы логикалық тұрғыдан бірізді, теориялық талдау, әдіснамалық негіздеме және эмпирикалық деректердің баяндалуы ғылыми стильде берілген. Терминологиялық аппарат нақты, ұғымдар бірізді қолданылады. Сілтемелер жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкес рәсімделген, дереккөздер кең қамтылған. Жазу мәнері академиялық бейтараптықты сақтайды, эмоциялық бағалаудан аулақ, ғылыми талдау стилінде орындалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Ізденушінің диссертациялық жұмысы өзекті тақырыпты қамтып, ғылыми негізде орындалған. Дегенмен, нәтижелерді аймақтық интерпретациялау егжей-тегжейлі ақпаратты қажет етеді. Кластерлік талдау аймақтық субъективті әл-ауқат профилін анықтады. Дегенмен, бұл профильдерді түсіндіруді аймақтардың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін қамту үшін кеңейтуге болады, бұл осы айырмашылықтардың табиғатын неғұрлым мағыналы түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сапалы әдістер нәтижелері кең қолданылса жұмыстың сапасын одан әрі көтеруге үлесін беруші еді. Зерттеу қорытындылардың репрезентативтілігі мен жалпылануын қамтамасыз ете отырып, сандық деректерге негізделген. Дегенмен, сұхбаттардың немесе фокус-топтардың қысқаша жиынтығын қоса алғанда, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтардың құндылыққа негізделген негіздерін дәлірек анықтауға мүмкіндік берер еді және зерттеуге қосымша тереңдік берер еді. Зерттеу жұмысында бақытты философиялық тұрғыда зерделеу мен бақыт жөніндегі ғылыми пікірталасты библиометриялық талдауға аса көп көңіл бөлінген.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми		Тленчиева Шырын Мураткызының диссертациялық жұмысы бойынша жарияланған ғылыми мақалалар саны жеткілікті және тақырыппен толық үйлеседі. Мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары, олар диссертацияның теориялық қағидаттарын, әдіснамалық негіздерін және эмпирикалық

	деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		нәтижелерін айқын дәлелдейді. Бұл жарияланымдар зерттеу тақырыбының өзектілігін растап қана қоймай, субъективті әл-ауқат, бақыт мәселесін халықаралық ғылыми кеңістікте танытуға үлес қосады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Тленчиева Шырын Мураткызының диссертациялық жұмысы Қазақстандағы бақыт деңгейінің әлеуметтанулық өлшемін зерттеуге арналған. Тақырыптың өзектілігі қазіргі Қазақстан қоғамында орын алып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер тоғысында, халықтың әлеуметтік әл-ауқатын түсіну, қазақстандықтардың құндылықтар бағыты мен мемлекеттің негізгі даму бағытын түсіну маңыздылығымен байланысты. Зерттеудің теориялық базасы кең әрі толық. Ізденуші бақыт ұғымының философиялық талдауынан бастау алып, классикалық әлеуметтанушылар көзқарасындағы бақыт ұғымын түсіндіруімен қатар, заманауи зерттеулердегі ауқымды бақыт ұғымының нақты индикаторларымен аяқтап толық сипаттама берген. Негізгі ұғымдар нақты операционализацияланып, теориялық тұжырымдар дәйекті баяндалған. Әдістемелік тұрғыдан диссертация ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу барысында автор барлық қолжетімді валидті мағлұматтарды дербес талдауымен қатар, жеке әлеуметтанулық зерттеу жүргізіп, ақпараттың репрезентативтілігін толық дәлелдеген. Диссертацияның теориялық маңызы – бақыт ұғымын Қазақстанда зерттеуге арналған метологоиясын ұсынуында. Ал практикалық маңызы – алынған нәтижелерді Қазақстандағы қалалық және ауылдық елді мекендерде бақыт деңгейін арттыруға бағытталған әлеуметтік саясатты жетілдіруде, тұрғындардың әлеуметтік интеграциясын қолдауда, сондай-ақ жоғары оқу

			орындарының оқу үдерісінде әлеуметтану, психология және әлеуметтік саясат пәндерінде қолдануға болады. Тленчиева Шырын Мураткызының диссертациялық жұмысы мазмұны, құрылымы, әдіснамасы мен ғылыми жаңалығы тұрғысынан «8D03101 – Әлеуметтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Шешімі: Тленчиева Шырын Мураткызының «8D03101 – Әлеуметтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстандағы бақыт деңгейінің әлеуметтанулық өлшемі (қалалық және ауылдық елді мекендер мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі заманғы ғылымның өзекті бағыттарына толық сәйкес келеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы айқын көрініс табады, ал теориялық және практикалық маңыздылығы жұмыстың ішкі бірлігімен, логикалық дәйектілігімен ерекшеленеді. Тақырыптың әлеуметтік мәні мен өзектілігі Қазақстан халқының өмір сапасы мен өмірге қанағаттану деңгейін түсіндіруге үлкен үлес қосады. Бақыт ұғымынң әлеуметтанулық өлшемдер арқылы қарастыру, әсіресе қала мен ауыл деңгейінде салыстыра зерттеу – отандық әлеуметтануда алғаш рет кешенді түрде талданған бағыттардың бірі. Зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдану әлеуеті аса жоғары. Атап айтқанда, әлеуметтік саясатты тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағыттауға, қоғамдағы әлеуметтік интеграцияны күшейтуге мүмкіндік береді. Автор ұсынған бақыт деңгейін өлшеу индикаторлары мен практикалық ұсынымдары мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатқа енгізуге болатын құнды ұсыныстар болып табылады. Диссертацияда сандық, статистикалық және көпөлшемді талдау әдістері жүйелі қолданылған, оның ішінде Пирсон корреляция коэффициенті, факторлық талдау және регрессиялық талдау және т.б. Бұл тәсілдер алынған қорытындылардың ғылыми тұрғыдан жоғары сенімділігін қамтамасыз етеді. Жалпы, диссертациялық жұмыс ғылымды зерттеудің толықтығы мен тәуелсіздігін, оның жоғары академиялық жазылуын және жүйелі құрылымын айқын көрсетеді. Жұмыс «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді.

Осыған байланысты, ізденушіге «8D03101 – Әлеуметтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп санаймын.

Ресми рецензент:
"Шәкәрім университеті" КЕАҚ
«Социологиялық талдау орталығының» басшысы,
философия докторы (PhD) _____ **Абдикакимов Мухтар Тыныштыкбекулы**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ «Шәкәрім университеті» ПЕРСОНАЛДЫ ДАМЫТУДЫ СҮЙЕМЕЛДЕУ БӨЛІМІ